

УДК 377.5
ГРНТИ 14.33.01
DOI

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА МЕКТЕПТІҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ БІЛІМІН САНДЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР АРҚЫЛЫ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ

Абдиханова Кунжанат Оразовна

*Қостанай жоғары педагогикалық колледжінің арнайы пәндер оқытушысы,
Қостанай қ, Қазақстан
E-mail: Kunzhanat@yandex.kz*

ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ РАБОТЫ С ДЕТЬМИ С ОГРАНИЧЕННЫМИ ВОЗМОЖНОСТЯМИ В ПОДГОТОВКЕ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ

Абдиханова Кунжанат Оразовна

*преподаватель специальных дисциплин,
Костанайский высший педагогический колледж,
г. Костанай, Казахстан
E-mail: Kunzhanat@yandex.kz*

PSYCHOLOGICAL AND PEDAGOGICAL ASPECTS OF WORKING WITH CHILDREN WITH DISABILITIES IN FUTURE TEACHERS' TRAINING

Abdikhanova Kunzhanat Orazovna

*teacher of special disciplines,
Kostanay Higher Pedagogical College,
Kostanay, Kazakhstan
E-mail: Kunzhanat@yandex.kz*

Аңдатпа

Бұл мақалада мектепке дейінгі білім беру мамандығының білімалушыларын кәсіби даярлау барысында, инклюзивті білім берудің педагогикалық-психологиялық демеудің бағыттары қарастырылған. Мақсаты-практикалық мәселелерді анықтау және шешу, педагогикалық құбылыстарды талдау, инклюзивті білім беру жолдарын көрсету. Қолданылған әдіс-тәсілдер білім алушылар қызметінің өнімдерін зерделеу, "сұхбат және сауалнама түрінде сауалнама, бақылау, ұжымдағы қатынастарды зерттеудің социометриялық әдістемесі. Педагогикалық психологиядағы зерттеулердің маңыздылығы-бұл білім беру процесі кезінде білімалушылар мен оқытушылардың жағдайын бағалауға, тұлғаның даму дәрежесін түсінуге және мүмкін болатын қиындықтарды талдауға мүмкіндік береді. Қорытынды қосымша оқыту бойынша ұсыныстарды, сондай-ақ қажет болған жағдайда оқу жоспарына өзгерістер енгізуге арналған құралдарды қамтуы мүмкін.

Аннотация

В данной статье рассматриваются направления педагогической и психологической поддержки инклюзивного образования в процессе профессиональной подготовки обучающихся специальности дошкольного образования. Цель - выявление и решение практических проблем, анализ педагогических явлений, демонстрация путей инклюзивного образования. Применяемые методы: изучение продуктов деятельности обучающихся: анкетирование в форме интервью и анкетирования, наблюдение, социометрическая методика исследования отношений в коллективе. Важность исследований в педагогической психологии заключается в том, что она позволяет оценить состояние обучающихся и преподавателей в процессе обучения, понять степень развития личности и проанализировать возможные трудности. Заключение - рекомендации по дополнительному обучению, что может также включать инструменты для внесения изменений в учебную программу при

необходимости.

Annotation

This article considers the areas of pedagogical and psychological support for inclusive education in the process of vocational training for students of the specialty of preschool education. The purpose is to identify and solve practical problems, analyze pedagogical phenomena, and demonstrate ways of inclusive education. The methods used are the study of the products of students' activities, questionnaires in the form of interviews and surveys, observation, sociometric methodology for the study of relationships in a team. The importance of research in educational psychology lies in the fact that it allows you to assess the condition of students and teachers in the learning process, understand the level of personal development and analyze possible difficulties. Concluding is a recommendation for additional training, it may also include tools for making changes in the curriculum, if necessary.

Түйінді сөздер: педагогикалық-психологиялық сүйемелдеу, білім үрдісі, инклюзивті білім беру.

Ключевые слова: педагогико-психологическое сопровождение, образовательный процесс, инклюзивное образование.

Keywords: pedagogical and psychological support, educational process, inclusive education.

«Бала кемістігінің даму деңгейі төмен болса, соғұрлым мұғалімнің білім деңгейі жоғары болуы керек,» неміс педагог-дефектологы Пауль Шуман

Қазіргі әлем білім беру мен жалпы әлеуметтік-мәдени саясатқа деген көзқарастардың түбегейлі өзгеруін бастан кешуде. Бұл қоғамның адамның жеке қасиеттерін дамытуға, қалыптастыруға қайта бағытталуына байланысты. Бұл өзгерістер қазіргі тәжірибеде қалыптасқан тәсілдер мен ұғымдарға негізделген жаңа білім беру парадигмасының пайда болуына себеп болды.

«Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» инклюзивті білім беруді дамытудың алғышарттары жасалынды. Білім алу құқығы кез-келген адамның құқығы. Ал, балалардың білімі-олардың әлеуметтенуінің қоғам өміріне толыққанды қатысуының негізгі және ажырамас шарты. Инклюзивті білім беру деп: «мүмкіндігін шектеулі баланы жалпы білім беру мекемесіндегі қарапайым құрдастарының ортасына қосуды және қабылдауы оның білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, арнайы құрылған, бейімделген бағдарламалар бойынша оқытуды қамтамасыз ететін арнайы ұйымдастырылған процесс» деп түсіндіріледі [1.5бет].

«Педагог» кәсіби стандартының ережелеріне сәйкес (мектепке дейінгі, бастауыш жалпы білім беру саласындағы педагогикалық қызмет, (тәрбиеші оқытушы)) педагогтың жеке басына және оның кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптарды ескеретін білім беру саласындағы негізгі нормативтік акт ретінде ол қолдану дағдыларын меңгеруі керек мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық технологияларды оқытудың арнайы тәсілдері (оның ішінде және инклюзивті), кез-келген балаға көмек көрстеу және т.б.

С.В.Алехина мен Д.А.Петров білім беру процесін ұйымдастыру және іске асыру процесінде педагогтың мүмкіндігі шектеулі балалармен дайын еместігін көрсетеді. Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жасайтын педагог өз қызметін реттеудің жоғары деңгейіне ие болуы керек. [6.20 бет].

Кадрларды кәсіби даярлау мәселесі әр ел үшін өте маңызды, өйткені бұл адами ресурсты дамытуға қатысты, сондықтан Қазақстан Республикасы үшін бұл мемлекеттің басым міндеттерінің бірі болып табылады. Арнайы оқыту және тәрбиелеу жағдайлары жүйесін құруды қажет ететін денсаулық сақтау мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту мәселесі қазіргі заманда өзекті болып табылады. Әр бала ерекше бұл сөзсіз. Дегенмен, оның қабілеттерінің бірегейлігін атап өту үшін емес, оны ерекшеліктен ерекше қажеттіліктерді көрсету үшін, «ерекше» деп айтатын балалар бар.

Осылайша, проблема туындайды: мүмкіндігі шектеулі баланы ерекше білім беру қажеттіліктерін шешуде сүйемелдеуге бағытталған психологиялық-педагогикалық әдіс-

тәсілдерді қолдану қажеттілігі.Өзін-өзі тәрбиелеу тақырыбы аясында мен өзіме мақсат қойдым: мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың оңтайлы формалары мен әдістерін анықтау,болашақ кадрларды даярлау барысында әдіс-тәсілдердің тиімді жолдарын көрсету. Көптеген жылдар бойы ғылыми-педагогикалық тәжірибе көрсеткендей, «ерекше» бала дені сау балалардың ортасына еніп,олармен бірге алға жылжыды.әлеуметтену деңгейіне жетеді.Бұл фактілер шетелдік ғалымдардың еңбектерінде-ағартушы Иоганн песталоции,Самауил гейнике неміс сурдопедагогикасының негізін қалаушы,С.Выготский,отандық педагог П.Б. Сейтқазы еңбектерінде айтылған.

Ағылшын жазушысы Митчелл Дэвид «Инклюзивті білім-бұл барлық балаларға мүмкіндік беретін инклюзивті қоғам құрудың түпкі мақсатына жету және балалар мен ересектерге, жынысына,жасына ұлтына,қабілетіне,дамудың бұзылуының болуы немесе болмауына қарамастан қоғам өміріне қатысып және оған өз үлесін қосуға мүмкіндік береді. Қоғамда мұндай айырмашылықтар құрметтеледі және бағаланады,ал кемсітушілік,алалаушылықпен саясатта,күнделікті өмірде және қызметтік мекемелерде белсенді күресуде»-деп баса айтады. [2.12 бет].

Инклюзивті білім беру-қайырымдылық пен адамгершіліктің бастауы.

Әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктерін ескере білім беру,тәрбиелеу. Осы жаһандық мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивті білім беру дегеніміз ерекше мұқтаждықтары бар баалалардың білім беретін ұйымдардағы оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Ал, біздің елімізде инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы туралы ресми дерек «Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» көрсетілді. [1.12 бет].

Сондықтан да,ерекше мұқтаждықты талап ететін мектеп жасына дейінгі балаларға алғашқы қолдау,сүйемелдеу жасайтын балабақша тәрбиешілері болмақ.

Педагогикалық-психологиялық сүйемелдеу барысында басшылыққа алатын принциптерінің бірі-әр балаға және отбасына жекеленген тәртіппен қолдау көрсету болып табылады. Қоғам мен мемлекетке тек қана, физикалық және ақыл-ой қабілеті шектеулі балалармен жұмыс жасағысы келетін,жаңа формация педагогтары керек.

Бұл оқытудың мүлдем басқа әдістері,бала іс-әрекеттерін жоспарлау,мүлдем басқа психология.Педагогикалық технологияларды меңгерген педагог мәселесі бүгінгі күндегі инклюзивті білім берудің ең маңызды мәселесі.

С.И. Сабельникова өз жұмыстарында педагогтардың кәсіби және жеке тұлғалық дайындығы үшін, педагогикалық-психологиялық білімдер қажет екенін атап өтті.

Инклюзивті білім үрдісінің педагогикалық-психологиялық сүйемелдеудің төмендегі принциптерін анықтауға болады:

- үздіксіздігі;
- жүйелілігі;

Осы принциптерді ескерген кезде ғана, инклюзивті білім үдерісінің міндеттері мен мақсаты жүзеге асырылмақ. [3.12бет].

Психология, педагогикада және басқа білім саласында «сүйемелдеу» термині тәжірибелік іс-әрекетке қатысты нақты проблемаларды шешуге қолданылады.Замануи колледждегі оқу ерекшеліктері қарқынды білім беру ағымына байланысты құрылуы керек. [6.9бет].

Соңғы жылдары ерекше назар аударуды қажет ететін балалардың мектепке дейінгі мекемелерде өскенін байқауға болады. Нәтижесінде ерекше балалардың проблемаларын түсіну,олардың білім алу құқықтарын құрметтеу және тану,оларды әлеуметтік ортаға қосу қажеттілігі туындады. Мұндай балаларға арнайы әдіс-тәсілдер керек екенін уақыт айқындады.

Колледж білімалушыларын кәсіби сүйемелдеуге бағыттау барысында ескеретін ұстанымдар:

- ұйымдастырылған оқу-қызметінде педагогтың қолдауы;

- өнімді іс-әрекеттер барысындағы демеу;
- қарым-қатынасқа түсу ерекшеліктерін меңгеру.

Инклюзивті білім беру жүйесін дамытудың басты бағыттарының бірі кадрларды даярлау барысында осы саладағы тәжірибе, коммуникативті дағдылары, стресске төзімділігі қажет екені аян.

Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мамандығы жыл сайын қоғамдық сұраныста болғандықтан, ерекше мүмкіндікті қажет ететін, балаларға қолданылатын жаңа үлгідегі оқыту жүйесінің интербелсенді әдіс-тәсілдерін меңгеріп, болашақ жас мамандардың өз іс-тәжірибелерінде қолданып, кәсіби біліктерін артыра түсері анық.

Зерттеу көрсеткендей, инклюзивті білім беру тиімді жүзеге асу үшін, педагогтарда рухани құндылықтар дамуы жоғары болу керек. Инклюзивті білім беру педагог үшін, рухани құндылықтың шыңы. Біздің мамандықта болашақ педагогтарды даярлау барысында қолданатын ұстанымымыз әдістемелік қолдау көрсету болып, табылады. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында балалармен түзету және дамыту жұмыстарына дайындау біздің басты мақсаттарымыздың бірі. Мүмкінді шектеулі балалармен жұмыс істеу үшін, Қостанай жоғары педагогикалық колледжде болашақ мамандарды дайындау мақсатында дайындық көрсеткіштері оқу дәрістерінде ескеріліп отырады. Олар:

- түзету және білім беру қызметіндегі тұлғаға бағытталған тәсіл;
- педагогтың гуманистік ұстанымы;
- мүмкіндігі шектеулі балалардың психологиялық жас және жеке даму ерекшеліктерін білу,
- замануи әдіс-тәсілдерді білу,

Сондықтан да, ерекше балалармен жұмыс жасау үшін, түзету әдіс-тәсілдерін қолдану керек

Педагогтардың рухани құндылықтарын тәрбиелеу, инклюзивті жұмыс жасауға бағыттау мамандықтың жұмыс жоспары мен жұмыс бағдарламаларында барлық кәсіби модульдермен білім беру нәтижелерінде қарастырылған. Инклюзивті оқытуды қажет ететін балаларда танымдық белсенділік жеткіліксіздігі, мотивацияның төмендігі, өзін-өзі бағалауының төмендігі, сенімсіздік байқалады. [2.30бет].

01120100 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығының оқу жоспарына мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті оқытудың арнайы курсы енгізілді. Арнайы курстың негізгі міндеттерінің бірі инклюзивті топтарда жұмысты ұйымдастыру әдістемесін меңгеру, проблема бойынша қолда бар ғылыми әлеуетті зерделеу, дамуында ауытқулары бар, балаларды оқу процесіне қосу үшін, жағдайлар жасау болып табылады. Арнайы курстың теориялық негіздерін әзірлеу қазіргі психологиялық - педагогикалық әдебиеттерде екіұшты шешілетін бірқатар мәселелер бойынша белгілі бір позицияны қалыптастыруды ұсынады.

Біздің колледждің мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мамандығының студенттеріне білім беруді жоспарлау барысында оқу жоспарында 2-3 курстардың КМ 01 Оқу ақпаратын тарату модулінде, «түзету педагогикасы мен психологиясының негіздерін қолдану»- атты оқыту нәтижесі берілген. Бұл модуль оқу жоспарындағы ең көлемді модулдердің бірі. Модуль 444 сағатқа есептелген.

Оқыту нәтижесінде проблемалық дәрістер, семинарлар, пікірталастар, мәселелерді шешу, кәсіби мінез-құлық жағдайларын құруды көздейтін ситуациялық-рөлдік ойындар сондай-ақ, студенттер педагогикалық прцесте орындайтын зерттеу сипатындағы тапсырмалар. Осы тапсырмалардың ішінде, №51, №69 балабақша бөбекжайларында мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту проблемасының жай-күйлерін зерттеу, ерекше қажеттіліктерді талап ететін балалардың жеке даму тұлғалық траекториясын әзірлеу, жеке басын зерделеу жөніндегі тапсырмалар, олардың ұжымға қосылуы т.б

Инклюзивті топтарда және жалпыға ортақ балабақшаларда практикадан өту кезінде, студенттер буклеттер дайындайды. Практика барысында студенттер сабақтан тыс уақытта «Дүкенде», «Шаштаразда» т.б. сюжеттік ойындар өткізеді. Ойындар барысында мүмкіндігі

шектеулі балалардың тұлғалық ерекшеліктерін ескеру педагогикалық процесстің ең басты қағидасы. Сонымен қатар, оқу жоспарларында дамыту ойындары тапсырмалары жоспарланған. Балабақшадағы практика кезінде студенттер осы тапсырмаларды орындайды.

Балалармен дамыту ойындарын ойнайды. Дамыту ойындарының мақсаты:

Балалардың танымдық белсенділіктерін нығайту, жеке жұмысты қажет ететін балалармен мақсатты жеке тұлғаға бағытталған жұмыстар жасау. Бұндай тапсырмаларды студенттерге берудегі мақсат студенттердің теориялық білімдерін тәжірибеде қолданып, тәжірибе жинауы. Модулді бекіту барысында, зерттеу тапсырмаларын беру қарастырылған.

Осы оқыту нәтижесін оқыту кезеңінде мамандықтың педагогтары болашақ мамандар даярлау барысында, инклюзивті білім беруді сүйемелдеудің бірнеше төмендегідей кезеңдерін қамтиды:

1 - кезең (арнайы психология және педагогиканың теориялық білімдерін қарастыру, арнайы психология мен педагогиканың жеке бағыттары сурдопсихология, сурдопедагогика, тифлопедагогика, тифлопсихология, логопсихология, логопедагогика, мінез-құлқы бұзылған балалар психологиясы, денесінде ауытқуы бар балалар психологиясы т.б.)

2 - кезең (арнайы психология және педагогиканың әдістемелік білімдерін меңгерту, әр түрлі жаттығулар, тренингтер ойындар т.б.) балалармен түзету жұмыстары:

танымдық белсенділікті дамыту;

негізгі психикалық процестерді дамыту бойынша жұмыс;

эмоциональдық саланың кемшіліктерін түзету;

коммуникативтік қызметті қалыптастыру.

3 - кезең (арнайы психология және педагогиканың практикалық дағдыларын игерту, мамандықта бекітілген жоспар және жұмыс бағдарламасы бойынша педагогикалық - психологиялық практикадан өту, мамандықта құрылған педагогикалық зертханада әдістемелік жұмыстар жасау, тақырыпқа байланысты жекеленген тапсырмалар орындау т.б.) Психотерапиялық құрал болып табылатын ойын жағдайлары, ойын тренингтері, психогимнастика және релаксация қарастырылған.

Сонымен қатар, КМ 07 Оқу ақпаратын тарату, өз бетінше білім алуға үйрету модулінде, логопедия негіздері пәні курсының міндеттері шешіледі.

Логопедия негіздері сабағында теориялық біліммен қатар, практикалық білім беру жүзеге асады. Мамандықта оқу процестерін ұйымдастыру барысында сөйлеу коммуникациясын белсендіру үшін, сабақтарды «логомер» бағдарламалық-дидактикалық кешені қолданылады. Бұл интерактивті дидактикалық материалдардың замануи әмбебап жиынтығы жаңа буын GEO FGOS ескере отырып қолданылады.

Колледж педагогикалық зертханасында «Логомер» интерактивті ойын және дидактикалық материалмен оқыту процесінде теориялық біліммен практикалық байланыс жасау барысында төмендегідей ойындар өткізіледі:

- дыбысты дұрыс айтуға ;

- фонематикалық қабылдауға;

- жалпы дамыту ойындары, т.б.

Мамандықтың зертханалық оқу кабинеттерінде бірнеше «Құмсалғыш» интерактивті ойын материалы бар. Соңғы кездерде, бүкіл әлемде жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы және оларды білім беру процесіне енгізу жүріп жатыр.

Құммен ойнау-бұл өзін-өзі емдеудің бір түрі. Балалардың стресстерін төмендетеді. Мамандықта оқитын білімалушылармен сабақ өткізу барысында педагогтар 1 курстан бастап, мамандыққа бейімдеу мен практикалық бағыт беру мақсатында қолданылып отырады.

Интерактивті құмсалғышта зейінді, ойлауды, есте сақтауды және ұсақ моториканы дамытуға бағытталған дыбыспен сүйемелденетін төмендегідей сценарийлік ойын шешімдері бар:

мектеп жасына дейінгі балалардың іс-әрекетінде құмды ойын терапиясын қолдану;

сурет салу;

балалар өздерінің эмоциялары мен көңіл-күйлерін жеткізе отырып, құмда өз әлемін жасай

алады.

Дамыту сабақтары.балалармен ойлауд,есте сақтауды,зейінді дамытуға арналған ойындарды таңдауға болады,мысалы: «Бұл не сияқты?», «Не салу керек?». Сонымен қатар,релаксация педагог арнайы бағдарламаның көмегімен құмда ормандағы жаңбырды,теңіз жағасындағы демалуды сезіне алады. Осының арқасында эмоциональды және бұлшықет кернеуін, сондай-ақ шамадан тыс қозғалыс белсенділігін,мазасыздық пен агрессияны жеңілдетуге болады.

Интерактивті құмсалғыштағы сабақтар,сенсорлық қабылдауды дамытады, психологиялық жағдайды тұрақтандырады, баланың коммуникативті дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Бұл ойындар және жаттығулар мектепке дейінгі жастағы балалармен логопедиялық және коррекциялық сабақтар өткізуге арналған.

Суретте көрсетілген «Жылдың төрт мезгілі» ойыны.Ойынның мақстаты: балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін молаят,балалардың эмоциональдық жай-күйлерін тыныштандыру. [8.15 бет].

Бүгінгі таңда жастардың мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытып,тәрбиелеуде білімдерін көтеру кең ауқымды мәселе болып отыр. Қостанай жоғары педагогикалық колледжінің мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мамандығының оқытушыларын біліммен қаруландыру мақсатында, «Замануи балабақшадағы инклюзивті білім беру: мәселелері мен болашағы

» тақырыбында білімін жетілдіру курсынан өтіп, 3-4 курс білімалушыларының қатысуымен семинар-сабақ өтті. Семинар барысында болашақ педагогтарды толғандыратын теориялық сұрақтар қарастырылды. Семинарға балабақша әдіскерлері қатысты. Олар инклюзивтік білім берудің өзекті мәселелерін қарастырды,сұрақтарға жауап берді.

Даму бұзылыстары бар балалармен білім беру және түзету жұмыстарын ұйымдастыру кіріктірілген білім беруді қамтамасыз ететін жалпы білім беретін ұйымның педагогтарын арнайы даярлау қажеттілігін негіздейді. Колледжді таммадаған әрбір болашақ маман түзету педагогикасы және арнайы психология негіздерін білгені жөн.

Осы мақсатта ерекше балалармен жұмыс жасау,қарапайым білім түсініктерін,психофизикалық дамуының ерекшеліктерін,әдістемелері мен технология түсініктері КМ 01 модулінің оқыту нәтижелерінде қарастырылады. Әрбір бала мүмкіндігі шектеулі болсын,сау болсын әр педагог олардың қоғамда өз орнын табуға жағдай жасайтыны белгілі.

Соңғы бес жыл шамасында мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мамандығына жас мамандарды даярлау барысында,ерекше білім беруді талап ететін балалармен жұмыс жасауды біршама алға қойдық. Балаларды тыныштандыру мақсатында құмсалғышта ойнату жұмыстары барлық дерлік, сабақтарды жүргізіледі.инклюзивті үрдіс мектепке дейінгі ортада басталады,бұл уақытта өсіп дамуында ерекшелігі бар балалар мен қалыпты балалар бір-бірімен қарым-қатынас жасауға үйреніп, әлеуметтік дағдыларды иемденеді. Сонымен қатар мамандықта логопед мамандығын дайындайтын мамандар біліктілігін ашу жоспарлануда. [7.25бет].

Педагогтардың кәсіби дайындығына қатысты ғалымдардың кәсіби дайындығына қатысты ғалымдардың ғылыми-теориялық ұстанымдарын талдауға сүйене отырып, келесі тұжырымдарға келуге болады: педагогикалық мамандықтардың студенттерін инклюзивті білім беру жағдайындакәсіби қызметке дайындау-бұл инклюзивті білім беру жағдайында кәсіби қызметке құндылық көзқарастарын,қызығушылықтарын,мотивтерін қалыптастыру.

Қорытындылай келе айтарымыз, мемлекетіміздің әрбір азаматы - ұлттық құндылық тарымыз, еліміздің әр баласы,ертеңгі болашағымыз екенін ескерсек, әрбір ерекше баланың сапалы білім алуы, азамат болып қалыптасуына жағдай жасау біздің міндетіміз. Ал,осы балаларға сапалы білім мен тәрбие беретін бүгінгі студент болашақ тәрбиеші.

Тәрбиеші-балабақшадағы басты тұлға.Балалар тобындағы психологиялық ахуал, әр түрлі даму бұзылысы бар балалардың жарасымды қарым-қатынасы олардың балабақшаға келу ынтасы тәрбиеші біліктілігіне байланысты болмақ.Бүгінгі колледж студенті балабақшаның басты тұлғасы. Ол ата-аналармен бірге баланың дұрыс өсіп-өнуіне,жетілуіне ықпал етеді.

Сонымен қатар, мектеп жасына дейінгі ерекше білім беруге қажеттілігі бар баланың жан-жақты дамуы, мектепке баруға деген құлшынысының болуы мектепке дейінгі мекеме тәрбиешісінің кәсіби біліктілігінде болмақ.

«Бала жүрегі-кішкентай күйсандық. Ол сандықтың кілтін тапсаң ғана ашылады. Мұғалімнің қолында әр кезде сол кілт жүруі керек»-деп, М.Шаханов ағамыз айтқандай әр мұғалім бала жүрегіне жол таба білетін білімді де, білікті маман болуы керек. Бүгінгі күннің педагогқа қоятын талабы осындай.

Литература

1. Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарына арналған мемлекеттік бағдарламасы-Астана, 2010.
2. Қазақстандағы Республикасындағы инклюзивті білім беру жүйесі / Ж. С.
3. Кушекбаева Айнур Бакытбайқызы, И. Н. Абилхан, 2007.
4. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы. ҚР 2002ж., № 343 заңы.
5. Д.К. Кэмен Инклюзивті білім берудің шетелдік тәжірибесі.
6. А.Т. Искакова, З.А. Мовкебаева, Г. Закаева, А.Б. Айтбаева, А.А. Байтурсынова, «Инклюзивті білім беру негіздері» Оқу құралы. Алматы:ЖК «Балауса»-2016ж.
7. Қазақстандағы инклюзивті білім // egov.kz мемлекеттік порталы.
8. Рымханова А.Р. болашақ педагогтарды инклюзивті білім беру жағдайында кәсіби қызметке дайындаудың психологиялық-педагогикалық аспектілері // ғылыми шолу. Психологиялық ғылымдар. – 2020. – № 1.

References

1. Қазақстан Respublikasynың Bilim berudi damytudyң 2011-2020 zhyldaryna arналған мемлекеттік бағдарламасы-Астана, 2010.
2. Қазақстандағы Respublikasyндағы inklyuzivti bilim беру zhyjesi / Zh. S.
3. Kushekbaeva Ajnur Bakytbajkyzy, I. N. Abilhan 2007.
4. Kemtar balalardy әлеуметтік және medicinalық pedagogikalық tyzetu arkyly қолдау туралы. ҚР 2002zh №343 заңы
5. D.K. Kemen Inklyuzivti bilim berudiң sheteldik tәzhiribesi.
6. A.T. Iskakova, Z.A. Movkebaeva, G. Zakaeva, A.B. Ajtbaeva, A.A. Bajtursynova, «Inklyuzivti bilim беру negizderi» Оқу құралы. Алматы:ZhK «Balausa»-2016zh.
7. Қазақстандағы inklyuzivti bilim // egov.kz мемлекеттік порталы.
8. Rymhanova A.R. bolashaq pedagogtardy inklyuzivti bilim беру zhaғdajynda kәsibi қызметке dajyndaudyң psihologiyalyқ-pedagogikalық aspektileri // ғылыми sholu. Psihologiyalyқ ғылымдар. – 2020. – № 1.